«8D11401 - Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Еламанова Айнур Султановнаның «Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен маңыздылығы. Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау тақырыбы қазіргі заманғы Қазақстан қоғамында аса маңызды және көпқырлы мәселе болып отыр, оған психологиялық, әлеуметтік және экономикалық қолдау шаралары қажет. Бұл мәселеге жаһандану заманында отбасы құндылықтарына деген кереғар пікірдің белең алуы, отбасылық қатынастардың әлсіреуі, ажырасу көрсеткіштерінің өсуі, жастардың тұрмыстық қиындықтары және мемлекеттің әлеуметтік қолдау бағдарламаларының төмендігі сияқты факторлар ықпал етеді. Қалада тұрғын үйге қол жеткізе алмау, тұрмыстық шығындардың жоғары болуы және балалы ананың табыс табудағы мүмкіндіктерінің шектеулігі де олардың әлеуметтену үдерісін қиындатады. Сондықтан жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеу, психологиялық қолдау, олардың білім алу және кәсіби дағдыларды дамыту арқылы қоғамға толыққанды интеграциялау маңызды болып отыр. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі қазіргі Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік осал топтардың бірі – жас жалғызбасты аналардың әлеуметтік мәртебесі мен олардың қоғамға бейімделу мәселелерінің күн тәртібінде тұрғандығымен айқындалады. Автор өзектілікті нақты әлеуметтік деректермен, Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтарында жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен негіздей отырып, тақырыптың заманауи әлеуметтік саясатпен өзара байланысын дұрыс айқындайды.

Автор қолданған ғылыми әдістер мен олардың негізділігі. Автор зерттеу барысында қолданыс тапқан әдістер мұқият таңдалған және зерттеу мақсат-міндеттеріне сәйкес келеді. Зерттеу әдістеріне мыналар жатады: теориялық, эмпирикалық әдістер, әдебиеттер мен құқықтық-нормативтік құжаттарды талдау, статистикалық деректерін жинау және өңдеу, сарапшылармен тереңдетілген сұхбат алу, жас жалғызбасты аналар арасында сауалнама жүргізу және сұқбат алу, алынған мәліметтерді статистикалық және сапалық талдау, графиктер және кесте құру. Бұл әдістер жиынтығы зерттеу объектісінің көпқырлы сипаттамаларын кешенді талдауға мүмкіндік береді, алынған нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз етеді.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы. Зерттеудің ғылыми жаңалығы, біріншіден, жас жалғызбасты аналардың социореадаптациялану үдерісінің ерекшеліктері бірінші рет кешенді түрде зерттеліп, олардың бейімделу фактілері анықталды, екіншіден, жас жалғызбасты аналарды әлеуметтік қолдаудың негізгі бағыттары айқындалды, үшіншіден, өмірлік стратегиясының типологиясы ұсынылды және әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері негізінде олардың қазіргі қоғамда таралуы анықталды, төртіншіден, 18-35 жас аралығындағы жалғызбасты аналарды социореадаптациялау үдерісін кешенді зерттеу арқылы нақты практикалық модель ұсынуында, зерттеу барысында әлеуметтік қолдау

шараларын жоспарлауға бағытталған жалғызбасты аналарды әлеуметтік бейімдеудің инновациялық моделі – цифрлық платформасы ұсынылды, алынған нәтижелер Қазақстан жағдайына сәйкес пысықталып, теориялық тұжырымдарға толықтырулар енгізілді.

Практикалық маңызы. Алынған қорытындылар мен ұсыныстарды әлеуметтік жұмыс және психология саласында, отбасылық кеңес беру практикасында пайдалануға болады. Мысалы, зерттеу ұсыныстары жас жалғызбасты аналарға көмек көрсетуді жақсарту бойынша жаңа бағдарламалар әзірлеуге және бар іс-тәжірибені жетілдіруге негіз болмақ. Сонымен қатар, диссертация нәтижелерін әлеуметтік қызметкерлер жас аналарды қолдауға арналған әдістемелік нұсқаулық ретінде пайдалануға мүмкіндіктері бар.

Диссертацияның академиялық стандарттарға сәйкестігі. Диссертациялық жұмыс қолданыстағы академиялық талаптарға сәйкес құрылған. Жұмыс құрылымы логикалық бірізділігімен, теориялық талдаудың тереңдігімен, ғылыми дәлелдемелердің жоғары деңгейімен, дереккөздер мен ғылыми аппаратты дұрыс пайдаланумен ерекшеленеді. Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, зерттеу нысаны мен пәні, мақсаты мен міндеттері анықталған, әдебиет шолуы және әлеуметтік жұмыс тұрғысынан зерттеу объектісі мен пәніне қатысты мәселелер талқыланған. Негізгі тарауларда аталған міндеттерді шешуге арналған теориялық және эмпирикалық материалдар жүйелі түрде келтірілген, жалғызбасты аналарды социореадаптациялаудың теориялық-әдіснамалық негіздері, Қазақстандағы әлеуметтік қолдаудағы нормативтік-құқықтық құжаттары және халықаралық тәжірибелерді салыстыру талданған, өмірлік қиын жағдайға тап болған аналардың әлеуметтік сипаттамасы және бейімделу жағдайы сарапталады, автордың сауалнамалық зерттеулерінің нәтижелері мен алынған мәліметтерге талдау көрсетілген. Қорытынды бөлімде атқарылған зерттеудің негізгі нәтижелері жүйелі түрде қорытындыланып, ұсыныстар жасалған. Жұмыс тараулар арасындағы байланыс бірізділігімен ерекшеленеді.

Диссертация авторының ғылыми дайындығы. Диссертациялық жұмыс авторы зерттеу жұмысына жоғары ғылыми дайындығымен кіріскені байқалады. А.С. Еламанова «Жас жалғызбасты аналарды социореадаптациялау (Алматы қаласы мысалында)» тақырыбы бойынша кең көлемді әдебиеттерді сараптап, зерттеу нысанының теориялық негіздерін толық меңгерген. Автор зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелерін толық зерделеп, қорытынды мен ұсыныстарды талдау мен тұжырымдау қабілетін танытты. Зерттеу жұмысы Жергілікті этика комитетінің қорытындысын алған. Жалпы, автордың ғылыми зерттеу жұмысына дайындығы жоғары деңгейде деп бағалаймын және «8D11401 - Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші:
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университетінің
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының аға оқытушысы,
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты **Қ.А. Авсыдыкова**

Қолын растаймын
Подпись заверяю

«әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Некоммерческое акционерное общество «Казахский национальный университет имени аль-Фараби»
Non-profit joint-stock company «Al-Farabi Kazakh National University»
1934
БИН
990140001154